



ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҰМЫСЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Жаңа оқу жылына дайындық аясында қоғамдық көлік қызметінің сапасын арттыру және жолаушылар тасымалының жайлылығын қамтамасыз ету бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

Шаһар басшысы Нұржан Ахатов «Автобус паркіне» арнайы барып, қоғамдық көлік қызметінің жұмысқа зерделеу жүргізді. Қала әкімі әрбір автобустың ішкі және сыртқы тазалығын күнделікті бақылауда ұстау қажеттігін атап өтіп, бағытқа шығар алдында автобустарды жуу, дезинфекциялау және салондарды тиісті талаптарға сай ретке келтіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді алуды тапсырды.

Қазіргі таңда «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-не қарасты үлкен сыйымдылықтағы автобустар қалалық бағыттар бойынша қызмет көрсетуде. Бағыттардағы автобустардың қозғалыс интервалы орта есеппен 12-15 минутты құрайды. Көліктердің техникалық жағдайы күн сайын тексеріліп, ақауы анықталған жағдайда қызмет көрсетуден босатылып, орнына резервтік автобус жіберіледі.

Бүгінде қалаішілік жолаушылар тасымалын қамтамасыз етуге күн сайын 260 автобус жолға шықса, жаңа оқу жылының

басталуымен қоғамдық көлікке түсетін жүктеме едәуір артады деп болжануда.

Осыған байланысты 25 тамыздан бастап қалаішілік автобус бағыттары күшейтілген режимде жұмыс жасайды. Әсіресе, оқу орындары орналасқан аумақтардағы жолаушылар ағыны ескеріліп, автобустардың қозғалыс интервалы барынша қысқартылады. Сонымен қатар, қозғалыс кестесінің қатаң сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қала әкімі жауапты сала басшыларына оқушылар мен студенттердің сабаққа уақытылы әрі қауіпсіз жетуін қамтамасыз етуді тапсырып, «Біздің басты міндетіміз – балаларымыздың мектепке қауіпсіз барып-келуін қамтамасыз ету. Автобустардың кешігуіне немесе салондардың таза болмауына жол берілмеуі тиіс», – деді.

Жаңа оқу жылы қарсаңында қоғамдық көлік қызметінің сапасы, автобустардың техникалық және санитарлық жағдайы, қозғалыс интервалы мен кестенің сақталуы тұрақты бақылауда болады.

БІРІНШІ СЫНЫПҚА 17 МЫҢНАН АСТАМ БАЛА ҚАБЫЛДАНАДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте басты назарда болуы тиіс мәселелер жан-жақты талқыланды.

«Санауды күннен кейін жаңа оқу жылы басталады. Барлық қажетті шараларды қабылдап, дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізуіміз қажет. Қазіргі уақытта 31 мектепте ағымдағы жөндеу жүріп жатыр. Қала және аудан әкімдіктері, 20 тамызға дейін білім беру ұйымдарының дайындығын толық қамтамасыз етіп, жөндеу жұмыстарын тез арада аяқтаныңдар. Жаңа оқу жылындағы өзекті мәселелердің бірі – оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамту. Бұл жұмыстар да сапалы ұйымдастырылып, оқулықтарға қатысты шағым түспеуі қажет. Тағы бір маңызды міндет – балаларымыздың мектепке дайындығы. Өздеріңіз білетіндей, жыл сайын «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылады. Мемлекеттік мектептерде білім алатын, бірақ тиісті көмекпен қамтылмай қалған көпбалалы, тұрмысы төмен отбасы балаларына қажетті көмек көрсетілуі тиіс. Ал жеке мектептерде оқитын көмекке мұқтаж оқушылардың мәселелерін демеушілер есебінен шешуіміз қажет. Сондай-ақ жаңа оқу жылы қарсаңында базарлардағы, сауда орындарындағы оқу құралдары, мектеп формасы бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу керек. Жергілікті кәсіпкерлердің жәрменкелерін тұрақты өткізіп, оқу құралдарының жеңілдікпен сатылуын ұйымдастырыңыздар», – деді Мұрат Нөлкөжаұлы.

Аймақта 651 мектепке дейінгі



ұйым, 327 мектеп, 28 колледж бар. Жаңа оқу жылында 1-11 сынып оқушыларының саны 190 мыңнан асады. Ал биыл бірінші сыныпқа 17 700 бала қабылданады. Құжат қабылдау осы жылдың 31 тамызына дейін жалғасады. Өңірдегі 63 қосымша білім беру ұйымында 70 мыңға жуық оқушы қамтылған. Жақында пайдалануға берілген «AI-Кегіп» оқу-сауықтыру орталығы мен Ботаникалық бақ жыл бойы жұмыс істейді.

Жиында білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселесі де қаралды. Облыс әкімі бейнебақылау камераларын Жедел әрекет ету орталығына толық қосу, санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру

және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша нақты тапсырмалар берді.

«Оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектеп маңында жол полициясы инспекторларының күнделікті кезекшілігін ұйымдастырыңыздар. Әсіресе, оқушы саны мен көлік қозғалысы көп мектептер аумағындағы қауіпсіздікті күшейту қажет. Жаяу жүргіншілер жолы, жол белгілеріне қатысты кемшіліктер бар. Қала, аудан әкімдіктері 25 тамызға дейін аталған кемшіліктерді тез арада ретке келтіріңіздер. Кейінгі үш жылда білім беру ұйымдарын инженерлік, техникалық жабдықтармен жарақтандыру жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Балаларымызға қауіпсіз,

қолайлы орта қалыптасып, бейнебақылау камералары, турникеттер орнатылды. Ендігі мақсат – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған құқықтық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру», – деді облыс әкімі.

Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов баяндама жасап, жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы айтты. Мәжілісте суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шаралары, алдағы жылы беру маусымына дайындық жайы да талқыланып, қала, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

«Ел тілегі» ақпарат



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдары 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Шиелі ауданының әкімі Айтбай Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге Шиелі кентінде жүргізіліп жатқан автомобиль жолдарын қайта жаңғырту жұмыстары барысымен танысты.


Қазіргі таңда Шиелі кентіндегі Қожа Ахмет Ясауи, Ш.Бөкеров, Есабыз және А.Байтұрсынов көшелерінің қиылысынан К-4 каналы арқылы өтетін көпірге дейінгі автомобиль жолдарын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Жобаның жалпы құны 1 млрд 520 млн теңгені құрайды. Қайта жаңғыртылатын автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 4,04 шақырым. Жобаның бас мердігері «УАД» ЖШС, техникалық қадағалаушысы «СК Энерго-ОИ» ЖШС, ал авторлық қадағалауды «СпецМонтажСтрой ЛТД» ЖШС жүзеге асырады.

Жоба аясында Қожа Ахмет Ясауи көшесін төрт жолақты етіп қайта жаңғырту көзделген. Сонымен қатар, жолдың жүріс бөлігі жаңартылып, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салынады. Жоба толық

аяқталғаннан кейін аталған көшелердің инфрақұрылымы заманауи талаптарға сай жаңартылып, жол бойы абаттандырылады. Сондай-ақ заманауи үлгідегі аялдамалар орнатылып, жол белгілері мен жол таңбалары жаңартылады. Көше жарықтандыру жүйесі де толықтай жаңғыртылатын болады.

Жұмыс барысымен танысқан аудан әкімі құрылыс жұмыстарының сапасына ерекше мән беріп, жұмыстарды бекітілген талаптар мен жобалық құжаттамаға сәйкес жүргізу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс қарқынын бәсеңдетпей, жұмыстарды белгіленген мерзімде сапалы аяқтау, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау жөнінде нақты тапсырмалар берді.



СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Сырдария ауданы орталығында және елді мекендерде санитарлық тазарту бойынша сенбілік өтті. Тазалық жұмыстарына аудандағы меншік түріне қарамастан барлық мекеме аталысты.

Сенбілік барысында әрбір мекеме қызметкерлері өздеріне бекітілген көше бойына көркейту-көгалдындыру жұмыстарын жүргізіп, аулаларды қоқыстан тазалады. Алдағы уақытта да сенбілік жұмыстары жалғасын табатын болады.

НАГРАДАЛАР ҚАТАРЫ «ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ» МЕДАЛІМЕН ТОЛЫҚТЫ

Елімізде мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі енгізілді. Бұл туралы Президент кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров хабарлады.

«Мәдениет пен өнер – ұлттық бірегейлігіміздің мызғымас тірегі. Сондықтан жаңа Ата заңда төл мәдениетімізді жан-жақты қолдау мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді. Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу туралы шешім қабылданды.

Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға сүбелі үлес қосқан азаматтарға беріледі», - деп жазды ол.

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЖАУАПҚЕРШІЛІК – ОРТАҚ МІНДЕТ

Өрт қауіпсіздігі – адам өмірі мен денсаулығын, тұрғын үй мен мүлікті қорғаудың басты кепілі. Әсіресе жылу беру маусымында пештерді, электр және газ жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау аса маңызды. Себебі қарапайым ғана салғырттықтың соны орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Осы ретте Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау майоры Олжас Тұрсынбаевпен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Қызылорда қаласында 2025–2026 жылы жылу беру маусымында қанша өрт оқиғасы тіркелді?

– 2025–2026 жылы жылу беру маусымы барысында Қызылорда қаласында 122 өрт оқиғасы тіркелді. Оның 64-і тұрғын үй секторында орын алды. Өрт салдарынан бір адам қаза болды. Жарақат алғандар тіркелген жоқ.

– Тұрғын үйлердегі өрттердің негізгі себептері қандай?

– Тұрғын үйлерде орын алатын өрттердің негізгі себептерінің қатарында электр желілеріне шамадан тыс күш түсіру, электр жылыту құралдарын пайдалану талаптарын бұзу, пештердің ақаулығы және отты абайсыз қолдану жағдайлары бар. Сондықтан әрбір тұрғын тұрмыста қауіпсіздік талаптарын сақтауға аса жауапкершілікпен қарауы қажет.

– Электр жылыту құралдарын пайдаланғанда тұрғындар нені ескеруі керек?

– Ең алдымен, электр жылыту құралдарының жарамдылығына көз жеткізу қажет. Құрылғыларды пайдалану кезінде өндіруші талаптарын сақтап, электр желісіне шамадан тыс күш түсірмеу керек. Ақаулы немесе қолдан жасалған электр құрылғыларын пайдалануға мүлдем болмайды. Мұндай немқұрайлылық өрттің туындауына себеп болуы мүмкін.



Тағы бір маңызды жайтқа тоқтала кеткен жөн. Күнделікті өмірде көпшілік мән бере бермейтін әрекеттердің бірі – телефон қуаттағышын электр желісіне қосулы күйде қалдыру. Бір қарағанда, бұл қарапайым әрі зиянсыз әрекет болып көрінуі мүмкін. Алайда, электр қуаттағышын ұзақ уақыт бойы ток көзіне қосып қою да қауіпсіздік талаптарын сақтамаған кезде түрлі келеңсіз жағдайларға әкелуі ықтимал.

Біз айтып отырған деректер әр үйде кездеседі. Телефонды қуаттап болғаннан кейін қуаттағышты ток көзінен ажыратпай, сол күйінде қалдыру – көпшілік үшін үйреншікті әдет. Дегенмен осындай қарапайым әрекеттің өзі электр желісіне артық салмақ түсіріп, құрылғының қызуына немесе ақау болған жағдайда өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ сапасыз күмөнді, зақымданған немесе талапқа сай келмейтін қуаттағыштарды пайдаланбаған жөн. Өрт қауіпсіздігіне келгенде «ешпене

болмайды» деген немқұрайдылыққа жол бермей, әрбір қарапайым сақтық шарасына жауапкершілікпен қарау маңызды. Өйткені үлкен қауіптің алдын алу кейде осындай қарапайым әрекеттен басталады.

– Ал пешпен жылытылатын үйлерде қандай қауіпсіздік шараларына ерекше мән берген жөн?

– Пештің техникалық жағдайын тұрақты бақылау қажет. Мұржаны уақытылы тазалап, оның жарамдылығын тексеру – маңызды талаптардың бірі. Сонымен қатар пештің айналасында жанғыш заттарды сақтамау және өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау керек. Пешті қараусыз қалдырмау да аса маңызды.

– Жылу беру маусымы басталар алдында қала көлемінде қандай профилактикалық жұмыстар жүргізіледі?

– Жылу беру маусымы қарсаңында өрттің алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстар күшейтіледі. Атап айтқанда, жеке тұрғын үй секторлары



араланып, тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріледі. Өлеуметтік осал санаттағы азаматтармен де арнайы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Пештерді, электр және газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану жөнінде ескертулер беріледі.

Жалпы, өрт қауіп тек қыс мезгілімен шектелмейді. Электр құралдарын дұрыс пайдаланбау, ақаулы жабдықтар мен отты абайсыз қолдану кез келген уақытта төтенше жағдайға себеп болуы ықтимал. Сондықтан қауіпсіздік талаптарын жыл бойы сақтаудың маңызы зор.

– Өрттің алдын алу үшін тұрғындарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен, қауіпсіздікке назар аудару қажет. Электр және жылыту құрылғыларын дұрыс пайдаланып, олардың техникалық жарамдылығын үнемі бақылаған жөн. Балалардың отпен және электр құралдарымен ойнауына жол бермеу де маңызды. Өр отбасы өз үйіндегі өрт қауіпсіздігіне жауапкершілікпен

қарап, қарапайым сақтық шараларын күнделікті тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналдыруы тиіс.

Төтенше жағдайдың алдын алу – оның салдарын жоюдан әлдеқайда тиімді. Бір ғана сақтық шарасы адам өмірін сақтап қалуы, денсаулыққа зиян келуінің және материалдық шығынның алдын алуы мүмкін. Сондықтан өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – тек мамандардың емес, қоғамдағы әр азаматтың ортақ міндеті.

ТҮЙІН: Қауіпсіздік – жауапкершіліктен басталады. Өрттің алдын алу үшін міндетті түрде үлкен шара жасаудың қажеті жоқ. Электр құрылғысын дұрыс пайдалану, пешті қараусыз қалдырмау, мұржаны уақытылы тазалау сияқты қарапайым талаптардың өзі үлкен қауіптің алдын алуға мүмкіндік береді. Ендеше, өз өміріміз бен жақындарымыздың қауіпсіздігіне бейжай қарамай, сақтықты әрдайым басты орынға қойғанымыз жөн.

Хабарландыру

«Көлжан» ЖШС-і ҚОҚ бөлімдерімен 2027 жылға арналған Солтүстік-Батыс Қызылкия кен орны үшін Атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өтетін орны:

2026 жылы 1 қазанда сағат 12:00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш ауылы, Желтоқсан к-сі, 7;

Әсер ету аймағы: координаттары - 46°30'00" с.е.; 64°50'00" ш.б.; 46°33'34" с.е.; 64°50'00" ш.б.

Бастамашысы: «Көлжан» ЖШС-і, БСН 010540000287, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-і, Қызылорда қ., Желтоқсан 120, БСН 101140013315, e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

Онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1

Конференция идентификаторы: 546 061 9818

Кіру коды: 123456

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон нөмірі: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ: 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайты (ndbecology.gov.kz) арқылы және prd@vmail.kz электрондық поштасына қабылданады.

Объявление

ТОО "Колжан" уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания к «Проекту нормативов допустимых выбросов вредных веществ в атмосферу для месторождения Северо-Западный Кызылкия на 2027 год с разделами ООС, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий, Программа производственного экологического контроля».

Общественные слушания состоятся:

1 октября 2026 года в 12:00 по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, с.Жалағаш, ул. Желтоқсан, 7;

Территория воздействия: Координаты: 46°30'00" с.ш.; 64°50'00" в.д.; 46°33'34" с.ш.; 64°50'00" в.д.

Инициатор: ТОО "Колжан", БИН 010540000287, г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Разработчик проектной документации: ТОО «Сыр-Арал сараптама», БИН 101140013315, г. Кызылорда, ул. Желтоқсан, 120, e-mail: sa-saraptama@mail.ru., тел.: 8 (7242)230306.

Ссылка на онлайн подключение:

https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1

Идентификатор конференции: 546 061 9818. Код доступа: 123456

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Документация по проекту размещена на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Кызылординской области»: 120003, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Сұлтан Бейбарыс, №1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и prd@vmail.kz.

Хабарландыру

«Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ ҚОҚ бөлімдерімен 2027 жылға арналған "Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз " АҚ-ң Арысқұм кен орны үшін атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы», Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өтетін орны:

2026 жылы 1 қазанда сағат 11:30-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш ауылы, Желтоқсан к-сі, 7.

Әсер ету аймағы: координаттары - 46°28'56" с.е.; 64°37'23" ш.б.; 46°18'04" с.е.; 64°51'03" ш.б.

Бастамашысы: «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, БСН 940 540 000 210, Кызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-і, Қызылорда қ., Желтоқсан 120, БСН 101140013315, e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

Онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1

Конференция идентификаторы: 546 061 9818

Кіру коды: 123456

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон нөмірі: sa-saraptama@mail.ru,

8 (7242)230306.

Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ: 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайты (ndbecology.gov.kz) арқылы және prd@vmail.kz электрондық поштасына қабылданады.

Объявление

АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз" уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания к «Проекту нормативов допустимых выбросов вредных веществ в атмосферу для месторождения Арысқұм АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз" на 2027 год с разделами ООС, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий, Программа производственного экологического контроля».

Общественные слушания состоятся:

1 октября 2026 года в 11:30 по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, с.Жалағаш, ул. Желтоқсан, 7.

(7242)230306.

Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ: 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайты (ndbecology.gov.kz) арқылы және prd@vmail.kz электрондық поштасына қабылданады.

Объявление

АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз" уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания к «Проекту нормативов допустимых выбросов вредных веществ в атмосферу для месторождения Кызылкия АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз" на 2027 год с разделами ООС, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий, Программа производственного экологического контроля».

Общественные слушания состоятся:

- 1 октября 2026 года в 10:00 по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, Теренозекский с.о., с. Теренозек, ул. Конаева, 8;

Территория воздействия: Координаты: 46°28'56" с.ш.; 64°37'23" в.д.; 46°18'04" с.ш.; 64°51'03" в.д.

Инициатор: АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз", г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13, БИН 940 540 000 210, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Разработчик проектной документации: ТОО «Сыр-Арал сараптама», г. Кызылорда, ул. Желтоқсан, 120, БИН 101140013315, e-mail: sa-saraptama@mail.ru., тел.: 8 (7242)230306.

Ссылка на онлайн подключение: https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1

Идентификатор конференции: 546 061 9818 Код доступа: 123456

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Документация по проекту размещена на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Кызылординской области»: 120003, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Сұлтан Бейбарыс, №1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и prd@vmail.kz.

Территория воздействия: Координаты: 46°15'02" с.ш.; 65°08'16" в.д.; 46°18'58" с.ш.; 65°01'30" в.д.

Инициатор: АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз", БИН 940 540 000 210, г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Разработчик проектной документации: ТОО «Сыр-Арал сараптама», БИН 101140013315, г. Кызылорда, ул. Желтоқсан, 120, e-mail: sa-saraptama@mail.ru., тел.: 8 (7242)230306.

Ссылка на онлайн подключение: https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1

Идентификатор конференции: 546 061 9818 Код доступа: 123456

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Документация по проекту размещена на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Кызылординской области»: 120003, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Сұлтан Бейбарыс, №1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и prd@vmail.kz.



17.08-23.08.2026

ТОҚТЫ

Жұмыста өз ойыңызды дәлелдеуге мүмкіндік туады. Бірақ асығыс шешім мен артық сөзден сақ болған жөн. Үлкен шығынға асықпаңыз. Барлығын бір күнде шешуге тырыспаңыз.

ТОРПАҚ

Қаржылық жағдайды реттеуге жақсы апта. Бұрын кейінге қалдырылған істі аяқтауға мүмкіндік бар. Қосымша табыс немесе тиімді ұсыныс болуы ықтимал. Өз еңбегіңіздің бағасын төмендетпеңіз.

ЕГІЗДЕР

Телефон, хат, кездесу арқылы маңызды жаңалық аласыз. Жаңа адамдармен араласу сізге пайдалы болады. Күтпеген шығын болуы мүмкін, бюджетті бақылаңыз. Бір уақытта тым көп іске кіріспеңіз.

ШАЯН

Бұл аптада эмоцияңыз күшейеді. Бұрын мазалап жүрген мәселенің шешімі біртіндеп көріне бастайды. Үйге байланысты шығындар болуы ықтимал. Басқалардың көңілін табамын деп өз қалауыңызды ұмытпаңыз.

АРЫСТАН

Сіз үшін өте белсенді кезең. Өзіңізге сенімділік артып, маңызды бастама көтеруге қолайлы жағдай қалыптасады. 23 тамыздан кейін назарды нақты жоспарлар мен қаржыға бұрған жөн. Жақсы мүмкіндік бар, бірақ есеппен әрекет етіңіз. Жалғыз күреспей, сенімді адамдардың көмегін қабылдаңыз.

БИКЕШ

23 тамыздан бастап өзіңізді жинақтап, жаңа жоспарларға кірісуге деген күш артады. Осы аптада ескі істерді реттеп алған дұрыс. Қаржылық жоспар құруға жақсы уақыт. Мінсіз болуға емес, алға жылжуға ұмтылыңыз.

ТАРАЗЫ

Жұмыс пен жеке өмірдің арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Бірлескен жұмыс жақсы нәтиже береді. Серіктестік арқылы пайда көру ықтималдығы жоғары. Барлығына бірдей ұнауға тырыспаңыз.

САРЫШАЯН

Сіз көптен бері ойлап жүрген нәрсеге қатысты шешім қабылдайсыз. Интуицияңыз бұл аптада жақсы жұмыс істейді. Кәсіби салада жақсы мүмкіндік байқалады. Ішкі дауысыңызды тыңдаңыз.

МЕРГЕН

Сапар, жаңа таныстық немесе жаңа жоспар пайда болуы мүмкін. Аптаның алғашқы күндерінде асығыс шешімнен сақ болған дұрыс. Қажетсіз сатып алу-дан сақтаныңыз. Бір мүмкіндікке ғана байланып қалмаңыз.

Тауешкі

Жұмыс пен үйдегі міндеттер көбейіп кетуі мүмкін. Барлығын өз мойныңызға ала бермей, көмек сұраңыз. Турақтылық сақталады, бірақ тәуекелді инвестициядан аулақ болған дұрыс. Өзіңізге де демалыс беріңіз.

СУҚҰЙҒЫШ

Бұл апта серіктестікке ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Ренішті іште сақтамай, ашық сөйлескен дұрыс. Бірлескен жоба немесе келісім тиімді болуы ықтимал.

БАЛЫҚТАР

Шаршағаныңызды сезсеңіз, өзіңізге уақыт бөліңіз. Жақын адамның кеңесі қиын жағдайда көмектеседі. Ақшаны жоспарсыз жұмсамаңыз. Барлық мәселені жалғыз шешуге міндетті емессіз.

АДАЛДЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ


Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің тұрақты дамуына қауіп төндіретін жағымсыз құбылыс. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы мемлекеттік қызметшілердің адалдық, ашықтық және заңдылық қағидаттарын сақтауына талап етеді.

Төтенше жағдайлар департаментінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасы өз қызметінде заң талаптарын басшылыққа алып, қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізеді. Басқарма қызметкерлері мемлекеттік бақылау, профилактикалық іс-шаралар және азаматтармен жұмыс барысында объективтілік, бейтараптық және жариялылық қағидаларын ұстанады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әрбір шешім адам өмірі мен денсаулығына тікелей әсер етеді. Сондықтан кез келген сыбайлас жемқорлық тәуекелі тек мемлекеттік басқаруға ғана емес, өндірістік қауіпсіздікке де кері ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты басқармада сыбайлас жемқорлықтың алдын

алу, мүдделер қақтығысына жол бермеу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарын сақтау және құқықтық мәдениетті арттыру бағытындағы жұмыстар ұрақты жүргізіледі.

Атқарылып жатқан қызметтердің ашықтығын қалыптастыру мақсатында, Басқармада 70-05-81 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда (пара ұсынған не пара беруге итермелеген жағдайларда) немесе заңсыз сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының еріксіз куәгері болған кезде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне пошта арқылы, egov.kz электрондық үкімет порталының онлайн-сервисі арқылы және бірыңғай 1424 Call-орталығы арқылы хабарласу қажеттіліктері



мемлекеттік инспекторларға түсіндіріліп, нұсқаулықтан өткізіледі. Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекеттік қызметтің барлық саласында әділдік пен жауапкершілікті нығайтуды көздейді. Бұл қағидат әрбір мемлекеттік қызметші үшін күнделікті жұмыстың негізгі бағдары болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Азаматтар, кәсіпкерлер және қоғамдық ұйымдар бірлесіп әрекет еткен жағдайда ғана қоғамда жемқор-

лыққа мүлдем төзбеушілік мәдениеті қалыптасады.

Адалдық – мемлекеттік қызметтің басты құндылығы. Заңға құрмет, кәсіби жауапкершілік және халыққа адал қызмет ету – ел қауіпсіздігі мен қоғам сенімінің берік кепілі.

Бибаіуа БҰРҚИТБАЙ,
Қызылорда облысының
ТЖД ӨҚБ Тау-кен өнеркәсібін
және атом энергиясын
пайдалану объектілерін
мемлекеттік бақылау және
қадағалау бөлімінің бас
маманы

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМЕ ПУБЛИЧНОГО ОБСУЖДЕНИЯ

ООО «TURANIUM» уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения 26.08.2026 г. и в течение 5 рабочих дней на портале (ndbecology.gov.kz) по проекту «СТРОИТЕЛЬСТВО ПРОТИВОПАВОДКОВОЙ ДАМБЫ В ПОЙМЕ РЕКИ СЫРДАРЬЯ НА МЕСТОРОЖДЕНИИ «СЕВЕРНЫЙ ХАРАСАН», РУДНИК ХАРАСАН-1».

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на портале (ndbecology.gov.kz). Инициатор: ООО «TURANIUM»

Юридический адрес – Юридический адрес: 120302, с. Байкенже, Жанақорғанский район Кызылординской области. Фактический адрес: г. Кызылорда ул. Айтеке би, 52

Тел.: +7/724/ 55 11 95
E-mail: office_reception@kyzylykum.kazatomprom.kz
Разработчик: ООО «KAZHADA PROJECTS», Республика Казахстан, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Кунаева 4, БЦ «Prima Park», 709 кабинет
Почтовый индекс: 120014
Тел.: 8-771-885-17-95

E-mail: too_escoprojectservice@mail.ru
Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел.: 8-771-885-17-95, too_escoprojectservice@mail.ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г. Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ ТҮРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«TURANIUM» ЖШС 26.08.2026 ж. және 5 жұмыс күні ішінде «СЫРДАРЬЯ ӨЗЕНІНІҢ ЖАЙЫЛМАСЫНДА «СОЛТҮСТІК ХАРАСАН» КЕН ОРНЫНДА, ХАРАСАН-1 КЕНІШІНДЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ БӨГЕТ САЛУ» жобасына жария талқылау түрінде бірыңғай экологиялық порталда (ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Құжаттамен танысуға, ұсыныстар мен ескертулерді бірыңғай экологиялық порталда қалдыруға болады (ndbecology.gov.kz).

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «TURANIUM» ЖШС, Занды мекен-жайы: 120302, Байкенже а, Жаңақорған ауданы Кызылорда облысы. Нақты мекен-жайы: Кызылорда к., Айтеке би к-сі, 52

БИН 140840003457
Эл. адрес: office_reception@kyzylykum.kazatomprom.kz
Жобаны әзірлеуші: «KAZHADAPROJECTS» ЖШС, Кызылорда облысы, Кызылорда қаласы, Қонаев к. 4, БЦ «Prima Park», 709 БИН 171240022221
Тел: 8-771-885-17-95,
Эл. адрес: too_escoprojectservice@mail.ru

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: : тел.: 8-771-885-17-95, too_escoprojectservice@mail.ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық пошталы мен пошталық мекенжайы: Кызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Кызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, № 1, тел: 8- (7242) -60-53-62

Қоғамдық тыңдаулар

«Қазгермұнай» бірлескен кәсіпорны» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабының 1 тармағына сәйкес 18.09.2026 жылы сағат 15:30-да—2026 жылға арналған құрылыс жобалары бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бөлімдермен (РООС) жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасын (НДС), жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасын (НДС), қалдықтарды басқару бағдарламасын (ПУО), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарын (ППМ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын (ПЭК) түзету» жобасы бойынша Кызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 (мәдениет үйі) мекенжайы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні жөнінде хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тыңдаулар басталғанға дейін 30 минут бұрын жүргізіледі.

Онлайн қосылу ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы жүзеге асырылады

https://us05web.zoom.us/j/3280583178?pwd=PSNCDmsL6CwAosrKbDTTFEipHfKjYhO.1

Конференция идентификаторы: 328 058 3178

Кіру коды: 00000

Бастамашы: «Қазгермұнай» бірлескен кәсіпорны» ЖШС. ҚР, Кызылорда облысы, Кызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж. Махамбетов ауылы, Қоныс Жаңадария, ғимарат 101., БСН 940240000021, +7(777)-734-42-54, akozhakhmetov@kgm.kz

Әзірлеуші: «ECO GUARD» ЖШС, Кызылорда к., Жанқожа батыр к-сі, 47, БСН 150440013858, 8 (7242) 274617, 8 (705) 548 1939, ecoguardkyzylorda@gmail.com.

Жоба бойынша құжаттама ҚО ТРЖҰДБ ndbecology.gov.kz сайтында орналастырылған.

Барлық ескертулер, ұсыныстар тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz және prd@korda.gov.kz. эл. мекен-жайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: ecoguardkyzylorda@gmail.com, akozhakhmetov@kgm.kz, +7 705 5481939

Жергілікті атқарушы орган: «Кызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық Мемлекеттік Мекемесі, prd@korda.gov.kz Кызылорда облысы, Кызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, ғимарат 1, +7 777 452 2146

Общественные слушания

ООО «Совместное предприятие «Казгермұнай» в соответствии с пунктом 1 статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 18.09.2026 года в 15:30 по адресу Кызылординская область, Сырдарынский район, поселок Теренөзек, ул. Қонаева, 8 (Дом культуры) проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по проекту «Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) с разделами по охране окружающей среды (РООС) по проектам строительства на 2026 год, проект нормативов допустимых сбросов (НДС), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ), программа производственного экологического контроля (ПЭК).»

Регистрация участников ведется за 30 минут до начала слушаний при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Онлайн подключение осуществляется посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM

https://us05web.zoom.us/j/3280583178?pwd=PSNCDmsL6CwAosrKbDTTFEipHfKjYhO.1

Идентификатор конференции: 328 058 3178

Код доступа: 00000

Инициатор: Товарищество с ограниченной ответственностью «Совместное предприятие «Казгермұнай»», РК, Кг. Кызылорда, Ақсуатский сельский округ, село Ж. Махамбетов, Урочище Жаңадария здание 101, БИН 940240000021, +7(777)-734-42-54, akozhakhmetov@kgm.kz

Разработчик: ООО «ECO GUARD», г. Кызылорда, ул. Жанқожа батыр, 47, БИН 150440013858, 8(7242)274617, ecoguardkyzylorda@gmail.com.

Документация по проекту размещена на сайте НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz

Все замечания, предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения слушаний на ndbecology.gov.kz и эл. адрес prd@korda.gov.kz.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности: ecoguardkyzylorda@gmail.com, akozhakhmetov@kgm.kz, +7 705 548 1939

Местный исполнительный орган: Коммунальное государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», prd@korda.gov.kz., Кызылординская область, город Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, здание 1, +7 777 452 2146

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері КЗ 53VPY00123138 күйлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Кызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Кызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №180
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/